

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ш.Ә.Ақбаева -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың көркем сурет факультетінің «Бейнелеу өнері, музыка және хореографияны оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбие сапасы қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай деңгейде болмақ. Жоғары оқу орнында білім алып жатқан болашақ суретші жас маман білікті білім, өнерлі де өнегелі тәрбие алып, ертеңгі күні мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне толығымен жауапты тұлға екені баршамызға мәлім. Демек, «Оқусыз білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ» деген халық даналығы /1/.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жіберген Жолдауында: бүгінгі біздің «тұрғызатын қоғам ар-ожданы мол, белсенді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы қажет.... Қазақстан бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының ғасырлық озық үлгілері мен дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген сөздері де болашақ ұрпақты өнерге, рухани -мәдени мұралар, дәстүрлер негізінде тәрбиелеу қажеттігі айтылады /2/.

Қазіргі жалпы орта білім беретін мектебіміздегі бейнелеу өнері пәнінің өз дамуында жеке тұлғаға бағдарланып отырған жағдайда оқушы жастардың бойына дарытылуына тиіс теңдессіз байлық көздеріміз өзіміздің халықтық қол өнер туындыларымыз, өнер құндылықтарымыз бен рухани мәдениетіміз болса, қалайша мектепте бұл пәннің мәртебесінің ойсырауына жол беруге болады ?!

Бейнелеу өнерінің пәндік мәртебесінің сақталуында өзге де шаралардың ішінде аса маңызды бір жолы бар. Ол – жалпы орта мектепте жүргізілетін бейнелеу өнері пәнінің білім мазмұнының өзіндік табиғи болмысы мен дәстүрлі сипатын сақтай отырып, жана заманның уақыт талабына сай жаңаша пән болуы талап етіледі.

Осыған байланысты болашақ суретші - педагог мамандарды «бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі» пәні бойынша игерілетін кәсіби көркем-теориялық білімдері мен біліктеріне және де оларды мектеп өміріндегі әртүрлі педагогикалық, психологиялық, әдістемелік іс-тәжірибелік шараларына баса назар аударылып отырғаны мәлім. Білім мазмұнының ең басты мақсаты да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы: (2007 ж., шілде) «нақты білім мен біліктер жиы-нын оқып меңгеруден нақты жеке тұлғаның адамгершілік-имандылық, ерік сапаларын, құзыреттілігін қалыптастыруға ат салысып қолға алуды және де өз Отанына сүйіспеншілігін, сыйластығын, халық дәстүрлерін, өнерін, мәдениетін жас ұрпаққа меңгерту, сіңіру – негізгі міндеттердің бірі болып саналады» /3/.

Осы жоғары да айтылғандардың бәрі ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің құрамдас бір бөлігі - жалпы орта мектепте бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесін ЖОО-ның көркем сурет факультетінде студенттерге оқытып көркем-теориялық білімді меңгерту барысында пәннің тарихи мазмұнын, дамуын жан-жақты зерделеп, қазіргі уақытқа дейін жеткен, жинақталған мол іс-тәжірибелерді тиімді пайдаланудың қажеттілігін арттыра түседі.

Бұл айтылған мәселе бейнелеу өнері пәнінің білім мазмұнын құруда төмендегідей ұстанымдар негізге алынады.

Олар:

1. Өнерсіз, мәдениетсіз жаңа әлеуметтік және экономикалық қарым қатынастарды құру мүмкін емес. Сондықтан жалпы орта білім беретін мектептердің білім мазмұнында бейнелеу өнері пәнінің өзіндік табиғи, тарихи сипатын, ұлттық болмысын толық сақтап ендіру. Сондықтан да орта білім беретін мектептердің білім мазмұнында бейнелеу өнері пән ретінде өзінің дербестігі мен ерекшеліктерін сақтайды.

2. Бейнелеу өнерінің пәні өз мазмұнында әлемдік құбылыс болып табылатын интеграция үрдісінен тыс қала алмайды. Сондықтан да оның білім мазмұны өзге халықтардың өнері, мәдениеті, әлем халықтарының мәдениет қазыналарының озық үлгілерімен, сұлулық, адамгершілік, дүниетанымдық тенденциялармен интеграциялық үйлесім табатын болады.

3. Бейнелеу өнерінің пәнінің білім мазмұны жалпы орта білім беретін көркемдік білім мен біліктер жиыны ретінде ұсынылудан бірте тұлға қалыптастырушылық сипатқа көшеді. Бұл дегеніміз мектептегі бейнелеу өнері оқулығы. Ол өзінің академиялық сипатынан бірте-бірте босанып, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға басым түрде бағытталынатын болады деген сөз. Бұл құзыреттер 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында айқындалғаны бәрімізге мәлім. Олар: құндылықты-бағдарлық, мәдениеттанымдық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, әлуметтік, тұлғаның өзін-өзі дамытуы сияқты басты – басты кілттік құзыреттер.

- Оқу-танымдық құзыреттілік - өзіндік оқу- танымдық процесс пен ғылыми-зерттеушілік әрекеттерді қамтамасыз ететін құзыреттілік.

- Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілік – бұл қоғамдық, отбасылық, еңбек қатынастар сласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болуы және өз мүмкіндіктерін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу және өз қызметтерін өзіндік кадр-қасиеттермен ұйымдастыра білу, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарау. т.б.

- Коммуникативті құзыреттілік- өзінді іс-әрекет пен қарым – қатына тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс жасай алу дағдыларын, өмірдегі нақты әртүрлі жағдайларда тез арада оңтайлы шешім қабылдай алу дағдылары болуы.

- Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік – қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеттіліктері, азаматтылығы мен елжандылығы.

- Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік- білім мен ақпараттарды өз дәрежесінде ақпараттық технологиялардың көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу қабілеті мен өз бетінше ізденушілік, әдістемелік тапсырма жұмыстарын белсенді түрде орындай алуы, таңдай алуы, талдай білуі.

- Мәдениеттанымдық құзыреттілік- жалпы адамзаттық, рухани-мәдени, ұлттық құндылықтар мен жетістіктер негізіндегі іс-әрекеттік тәжірибелерін сонымен қатар, дәстүрлі өнер, салт-дәстүрлер тарихын, түрлерін, табиғи ерекшеліктерін, мәдениет пен өнер негіздерін меңгеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерді тани білуі. Адам мен қоғам дамуындағы ғылымның ролін түсіну. Өз халқының төл мәдениетін, тілін, дінін, өнерін түсінуге, игеруге, бағалауға мүмкіндік беретін тәсілдерді меңгерту.

4. Білім мазмұнын оңтайлы шешіп меңгерту нәтижесі тұрғысында бұл құзыреттерге білім мен білік, көркем-эстетикалық тәрбиенің біртұтастық принципі дәрежесінде ескеріледі. Халықтық қол өнер шығармалары мен көркем шығармашылық туындылар үлгілерінің танымдық, тәрбиелік мәні мен маңызы бірдей қарастырылады.

5. «Бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі» пәнінің білім мазмұнында болашақ жас суретші –педагог мамандарды үлкен де жауапкершілікті талап ететін мектеп өміріне әдістемелік тұрғыда кәсіби даярлауды көздейді. Сондықтан білім мазмұнының әдістемелік тапсырмаларында жас суретші – педагог маман бойына мынадай сапаларды қалыптастыру көзделеді. Олар:

- Саналы да сапалы таңдай жасай білу қабілеттері.
- Пәндегі әртүрлі әдістемелік-теориялық тапсырмаларды орындау барысында, өздерінің іс-әрекеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарау, сезіну қабілеттері, белсенді білім алуды ұстану, рухани-мәдени, өнер құндылықтарын барынша игере білу, қоғамымыздағы әртүрлі өзгерістерге (экономикалық, әлеуметтік т.б. с.с.) икемделе білу.

6. Аталған пәннің білім мазмұны жас маманның өмір бойы өз бетінше саналы түрде білім, тәжірибе жинақтауға дағдыландыруды қамтамасыз етеді.

Суретші-мұғалім даярлаудың теориясы оқу пәндерінің, оқу-тәрбие процестерінің және олардың құрылымы, байланыстары мен қатынастары жөніндегі ғылыми білімдердің көрінісі болып табылады. Ғылыми еңбектерде оның түсіндірушілік, болжаушылық, жинақтаушылық, әдіснамалық функцияларын қолдану арқылы, бұл мәселенің мектеп өмірімен тікелей байланысы белгіленген.

«Бейнелеу өнері» пәнінің мұғалімдерін даярлаудың мазмұны мен әдістерін жетілдірудің мән-мазмұндық сипатының өзгерісі болып төмендегілер белгіленеді:

- педагогикалық практикалық іс-әрекеттерге студенттерді мейлінше қатыстыру;

- педагогикалық практиканы ұйымдастыру арқылы педагогикалық, психологиялық әдістемелік теорияларды зерделеу;
- студенттердің бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі пәніндегі шығармашылық танымдық іс-әрекеттерін белсенді ету, оқу аудиториялары мен шеберханалардағы тапсырмаларды мектептегі бейнелеу өнері пәнінің іс-әрекеттерімен кіріктіре және тығыз сабақтастықта өту;
- сабақтың тиімділігін едәуір арттыру, әрбір оқу жоспары сағаттарын тиімді пайдалану, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, ғылыми-семинар сабақтарын кеңейту мен тереңдету тенденцияларын белгілеу;
- студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын тудыруға қабілетті, курстық жұмыстарды кең түрде қолдану. Эсселер, ғылыми баяндамалар, рефераттар жаздырту.
- лекция, семинар, практикалық сабақтарды өту процесінде, дайын білімдердің көлемі азайтылып, студенттердің өзбеттерінше пән бойынша әдебиеттер, әдістемелік көмекші құралдармен жұмыс жасауына (лабораторияда, педагогикалық практикада және т.б. өзіндік жұмыс) көңіл бөлу;
- студенттердің ақыл-ой іс-әрекеттерін белсендіруші, шығармашылық ойлауын дамытудағы әдіс-тәсілдерді ұсыну (проблемалы және программалы оқыту).

Педагогикалық әдебиеттерде білім екі түрлі мағынада қолданылады:

1. Білім беру мазмұны; (білімнің түрлері мен олардың құрылымы).

2. Мазмұнды оқушылардың меңгеру нәтижесі.

«Білім құрылымы фактілерді, түсініктерді, заңдар мен заңдылықтарды, идеяны, теорияны қамтиды. Білім беру қашанда да танымдық іс-әрекеттің өнімі болып табылады және студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару арқылы ғана білімді меңгерту процесін басқаруға болады», - деген Н.Ф. Талызина. Мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеттегі даярлығы В.А. Сластениннің еңбегінде өте жақсы сипатталған. Қазіргі кезде психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «даярлық» ұғымы белгілі бір педагогикалық, психологиялық жағдай, жеке тұлғаның тұрақты мәнді сипаты, жеке тұлғаның күрделі құрылымдық білімі, мотивациялық және процессуалды компоненттердің ажырамас бірлігі, педагогикалық кәсіби мәнді сапаға қажетті білім, білік, дағдылар жиынтығын біріктіретін білім ретінде қарастырылады.

1. Шакузадаулы Н. Жетістікке жету жолдары.- Алматы, 2002.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барыныша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Қазақстан халқына Жолдауы. 1 наурыз 2006 ж.

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы: (2007 ж., шілде).

Резюме

В статье рассмотрены вопросы теории и методики преподавания изобразительного искусства в вузе, выделены некоторые наиболее актуальные линии развития содержания, организационных форм и методов предмета «Методика преподавания изобразительного искусства».

Summary

In article are considered questions theory of the methods of the teaching imitative in the University, are accentuate some most actual lines of the development and purport, organization forms and methods theme, “Of the methods of the teaching imitative”.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САЛАСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

К.К.Келденова, С.К.Келденова -
животись кафедрасының оқытушылары

Соңғы уақытта біздің мемлекетіміз балаларға қосымша білім беруге тиісті көңіл бөліп отыр: балалар шығармашылығының орталықтары, оқушылар үйі, жас техниктер станциясы, аула клубтары, жас натуралистер станциясы және т.б. ашылуда. Мұндай мекемелердің айрықша белгісі олардың қызмет бағыттарының алуан түрлілігі болып табылады, бұл шығармашылық дарындылықтың сан алуан түрлерін айқындауға, дамытушы білім технологияларын, креативтілік пен шығармашылық қабілеттерді шынайы дамытуға бағытталған авторлық жаңа буын бағдарламаларын пайдалануға мүмкіндік береді. Балалар өздерінің табиғатына жақынды, өздерінің қажеттіліктерін, мүдделерін қанағаттандыратынды таңдап алады. Қосымша білім берудің мәні осында: ол балаға балғын жастан өзін-өзі анықтауға көмектеседі, оның өзін-өзі танытуына, әлеуметтік мәнді міндеттерді шеше отырып, балалық шағында толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сонымен, Қазақстанның ұлттық сәндік-қолданбалы өнері материалы негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие берудің өзекті міндеттерін жүзеге асыруда қосымша білім берудің ерекше бір саласы ретінде балаларға қосымша білім беру жүйесінің әлеуеті орасан зор. Нағыз осы қосымша білім беру саласында тұлғаның өзін қалыптастыруына, дамытуына, жетілдіруіне, өзінің әрекетшіл мәнін ашуына байланысты көркем білім берудің жаңа нысандарын, әдістерін және мазмұнын әзірлеу ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Осылайша біздің зерттеу саламыз қосымша көркем білім беру шеңберімен, оның үстіне бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерімен және Қазақстанның ұлттық сәндік-қолданбалы өнері материалдарымен шектеледі. XX және XXI